



4826360

EDIFIER®

T5

Белсенді сабвуфер Пайдаланушы басшылығы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1,0, June 2019 Редакциясы
IB-500-T00050-00

Edifier International Limited

P.O. Box 6264

General Post Office

Hong Kong (Гонконг)

www.edifier.com

© Edifier International Limited, 2019 г. Барлық құқықтар қорғалған.

Қытайда баспаланған

ЕСКЕРТУ.

Жетілдірілуі және жаңғыртылуы себепті осы нұсқаулықта берілген мәлімет

алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

EDIFIER өнімі түрлі салада қолдануға арналады Бұл нұсқаулықтағы бейнелер мен иллюстрациялар шынайы бұйымнан аздап өзгеше болуы мүмкін. Айырмашылық болған жағдайда басымдық шынайы өнімге беріледі.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулар

1. Нұсқауларды мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз Нұсқаулықты келешекте анықтамалық ретінде пайдалану үшін қолайлы жерде сақтап қойыңыз
2. Өндіруші тарапынан мақұлданған аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
3. Бұйымды іске қосу туралы бөлімдегі нұсқауларды орындай отырып, оны дұрыс орнатыңыз.
4. Құрылғыны қоршаған ортада 0-35°C температура кезінде пайдалану ұсынылады.
5. Өрт шығу немесе тоқ соғу қаупін азайту үшін құрылғыны жауын-шашын немесе ылғал әсеріне ұшыратпаңыз.
6. Құрылғыны судың жанында пайдаланбаңыз. Құрылғыны сұйық нәрселерге салмаңыз, оған су төгілуіне немесе шашырауына жол бермеңіз.
7. Құрылғыны кез келген жылу көздеріне (мәселен, радиаторлар, жылытқыш құрылғылар, пештер және жылу бөлетін өзге құралдар) жақын орналастырмаңыз.
8. Құрылғыға су немесе басқа да сұйықтық құйылған ыдыстарды (мәселен, сауыттар) қоймаңыз және құрылғының жанында ашық жалын көздерін пайдаланбаңыз, мысалы үстіне жанып тұрған майшамдар қоймаңыз.
9. Желдеткіш саңылауларды жаппаңыз. Бөгде заттарды желдету саңылаулары мен слоттарға салмаңыз. Ол өрт шығу немесе тоқ соғу қаупін туғызуы мүмкін.
10. Жақсы желдетуді қамтамасыз ету үшін құрылғы маңында жеткілікті бос орын қалдырыңыз (кем дегенде 5 см ұсынылады).
11. Рэзеткіге ашаны күштеп тықпаңыз. Қосу алдында ұяшықтың жабынын, істікті ағытпаның ұяшықпен үйлесімділігі және өзара дұрыс бағдарын тексеріңіз.
12. Жинақта берілген аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді (мәселен, бұрандалар) балалардың кездейсоқ жұтып қоюының алдын алу үшін қол жетпейтін жерде сақтаңыз.

13. Құрылғы корпусын өздігіңізден ашпаңыз және шығармаңыз. Бұл қауіпті кернеу ықпалына және өзге күрделі тәуекелдіктерге әкеп соқтыруы мүмкін. Зақымдану себебіне қарамастан (мәселен, электр сымы немесе аша зақымданса, су мен сұйық заттардың әсері, ішіне бөгде заттардың түсуі, жауын-шашын мен ылғал немесе құлау және т.б. ықпал ету салдарынан зақымдану) дереу уәкілетті сервис қызметкерлері тарапынан жөндеу жүргізілуі тиіс.
14. Құрылғыны құрғақ шүберекпен тазалар алдында үнемі оны өшіріп, алдын ала қуат ашасын тоқтан суырыңыз.
15. Құрылғының беткі қабатын тазалау үшін әсері күшті қышқылдық, сілтілік, спирттік немесе өзге химиялық ерітінділер пайдалануға тыйым салынады. Тазалау үшін тек бейтарап еріткіштер немесе таза суды пайдаланыңыз.



Музыканы тым қатты дыбыста тыңдау есту қабілетіне зиян келтіруі мүмкін. Қаттылық деңгейін қауіпсіз ауқымға қоюыңызды сұраймыз.



Бұйымды кәдеге жарату. Бұл таңбалау ЕО нормативтеріне сәйкес бұл құрылғыны тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын көрсетеді. Бақылаусыз кәдеге жарату салдарынан қоршаған ортаның ықтимал ластануының немесе адам денсаулығына зиян келтіруінің алдын алу үшін материалдық ресурстардың екінші рет қайта өңделуіне жауапкершілікпен қараңыз. Қолданыстан шыққан құрылғыны қалдық жинау орталығына немесе бұйым сатып алынған дүкенге кері тапсырыңыз. Ол жерде қоршаған ортаға қауіпсіз кәдеге жаратуды қамтамасыз етеді.



Дайындаушы мақұлдаған немесе жеткізілім жиынытығына кіретін арба, тұғыр, кронштейн немесе үстел пайдаланыңыз. Бұйымды арбамен бірге қозғалтқан кезде аударылу салдарынан болуы ықтимал жарақаттың алдын алу үшін сақтық танытыңыз.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды нұсқаулар

Электр қуаты туралы ескерту:

1. Құрылғыны электр қуаты рэзеткісіне жақын орналастырыңыз.
2. Пайдаланар алдында жұмыс кернеуінің жергілікті электр қуатымен үйлесімдігіне көз жеткізіңіз. Дұрыс жұмыс кернеуін құрылғы сыртындағы жапсырмасынан білуге болады.
3. Найзағай кезінде немесе құрылғыны ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, қауіпсіздік мақсатында оны қуат желісінен ажыратыңыз.
4. Кәдімгі жағдайларда қуат көзі ыстық болуы мүмкін. Айналаның жақсы желдетілуін қамтамасыз етіңіз және абай болуыңызды сұраймыз.
5. Корпустағы және құрылғы мен қуат адаптеріндегі қауіпсіздік туралы ескертпе жапсырмалар.



Бұл белгі құрылғы корпусының ішінде адамдарды зақымдау үшін жеткілікті шамададағы тоқты оқшаулаусыз қауіпті қысым бары туралы ескертеді.



Бұл белгі тұтынушыға құрылғы корпусының ішін ашуға тыйым салынатынын және ішінде тұтынушы жөндейтін бөлшектер жоқ екенін ескертеді. Жөндеу үшін құрылғыны уәкілеттігі бар сервис орталығына жіберіңіз.



Бұл белгі құрылғыларды тек үй-жай ішінде ғана пайдалану керектігін көрсетеді.




Бұл белгі II класты қондырғы, яғни жерге тұйықтау талабынсыз қосарлы оқшауланған электрлі құрылғы болып табылатынын білдіреді.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ ашасы осыдан кейін жұмыс істеуге дайын құрылғыны өшіруге қызмет етеді.

Жеткізу жиынтығы


Қаптама ішіндегісі




Сабвуфер




Қуат кәбілі



Аудиокәбіл




RCA-RCA аудиокәбілі




Пайдаланушы басшылығы

Иллюстрациялар



1. Қуат көрсеткіші
Қосу: Жасыл
күту режимі: Қызыл (құрылғы сигнал өшкеннен кейін 5 минуттан соң аз энергия тұтыну режиміне өтеді)
2. Қуат ажыратқышы
3. Қуат көбілі
4. Дыбыс деңгейін реттеу
5. Төменгі жиілік сүзгісі
6. Фаза ауыстырып-қосқышы
7. Сигнал кірісі
8. Сигнал шығысы

Қосылым



Ескерту:

1. Кез келген байланысты орындар алдында сабвуфер мен аудиокөздің күштік кәбілдері қабырға рәзеткісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Бұйым аудиокөздерге (қуат күшейткіш, СД ойнатқыш, Blu-ray, теледидар, ДК, ұялы телефон, планшет, теледидарға арналған компьютерлік консолі, ТВ-консолі және т.б.) қосуға болатын кіріктірілген күшейткіші бар сабвуфер болып табылады, бірақ оны күшейткіш сигналының жоғары деңгейлі шығысына, дыбыс зорайтқыштарды қосуға арналған шығыс ұяшықтарға ҚОСУҒА БОЛМАЙДЫ.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Қосылу

1 қосылу

"Сабвуферді қосуға арналған шығыс ұяшық" қосу:

Егер аудиокөзде «Sub Out», «Woofers Out», «SW Out» немесе «LFE Out» секілді порттар болса, атап айтқанда, белсенді сабвуфер қосатын желілік шығыс порты, осы шығыс портын аудиокөбілдің көмегімен «Signal In» (сигнал кірісі) сабвуфер портымен байланыстырыңыз.

2 қосылу

«Дыбыс каналының сол және оң шығысын» қосу:

Егер аудиокөздің сабвуфер қосуға арналған шығыс порты болмаса, бірақ сол және оң дыбыстық каналының (LINE OUT, немесе 5.1/7.1 каналын қолдайтын құрылғыларда FL/FR шығыс порты) желілік порты болса, осы сол жақ және оң жақ каналдардың шығыстарын аудиокөбілдің көмегімен «Signal In» (сигнал кірісі) сабвуфер портымен жалғаңыз, содан кейін «Signal Out» (сигнал шығысы) портын қондырма күшейткіші бар дыбыс зорайтқыштардың шығыс портымен қосыңыз.

Дыбыс деңгейін реттеу

Тыңдаудың оңтайлы әсеріне қол жеткізу үшін сабвуфер дыбысының қаттылығы

дыбыс зорайтқыштардың дыбыс қаттылығымен дұрыс үйлестірілгеніне көз жеткізіңіз.

Баптау алдында сабвуфер дыбыс қаттылығын төменгі деңгейге қойыңыз

1 қосылу бойынша жалғау кезінде:

- 1) Аудиокөз бас деңгейін «орташа» немесе «0 dB» (егер бар болса) күйіне орнатыңыз.
- 2) Аудиокөздің төмен жиіліктегі жаңғырту компоненттерін қосыңыз және дыбыс зорайтқыштардың дыбыс қаттылығын тиісті деңгейге қойыңыз.
- 3) Біртіндеп сабвуфер дыбысын дыбыс зорайтқыштардың дыбыс қаттылығымен үйлескенге дейін зорайтыңыз; Баптауды аяқтағаннан кейін аудиокөз дыбыс қаттылығын реттеуші бір уақытта сабвуфер дыбысының қаттылығын басқара алады.

Техникалық сипаттамалары

Шығу қуаттылығы:	70 Вт
Амплитудалық-жиіліктік сипаттама:	38 Гц - 200 Гц
Сигнал-шу қатынасы:	≥85 дБА
Бұрмалау:	≤0,2%
Жиілік динамигі:	8 дюйм
Параметрлер:	278 x 300 x 336 мм
Таза салмағы:	шамамен 11,5 кг
Жалпы салмағы:	шамамен 13 кг

Пайдалануға бойынша шектеулер қойылмайды.